

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне ерікті және мәжбүрлеп таратылатын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, қызметін ерікті және мәжбүрлеп тоқтататын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2022 жылғы 23 қарашадағы № 96 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 1 желтоқсанда № 30882 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Ерікті және мәжбүрлеп таратылатын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, қызметін ерікті және мәжбүрлеп тоқтататын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Банктерді реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттік Төрағасының м.а.*

О. Кизатов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттік Төрағасының
м.а.
2022 жылғы 23 қарашадағы
№ 96 қаулысына
қосымша

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Ерікті және мәжбүрлеп таратылатын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, қызметін ерікті және мәжбүрлеп тоқтататын Қазақстан Республикасының бейрезидент- банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1."Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтату ережесін және мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының тарату комиссияларының жұмысына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы №77 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4257 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтату ережесінде және мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының тарату комиссияларының жұмысына қойылатын талаптарда:

83-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"83. Тарату комиссиясы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігі берген мүлікті бағалау туралы есеп болмаған кезде "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес бағалау қызметін жүзеге асыратын бағалаушыны (бұдан әрі - бағалаушы) тарта

отырып, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін бағалауды жүргізеді.

Баланстық құнына қарамастан жылжымайтын мүлікті, бір бірлігі үшін 1000 (бір мың) айлық есептік көрсеткіштен артық баланстық құны бар жылжымалы мүлікті бағалау үшін бағалаушыны таңдау конкурс (тендер) өткізу арқылы жүзеге асырылады, оның нәтижелері бойынша ең тиімді талаптар (көрсетілетін қызмет үшін ақы төлеу мөлшері, бағалау жүргізу мерзімдері, бағалаушының филиалдық желісінің болуы және өзге де талаптар) ұсынған бағалаушыға артықшылық беріледі. Конкурс (тендерді) өткізу талаптарын тарату комиссиясының төрағасы айқындайды және олар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бағалануға жататын мүлкінің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе облыста, республикалық маңызы бар қалада, Қазақстан Республикасының астанасында таралатын мерзімді баспа басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

Тарату комиссиясы 50 (елуден) 1000 (бір мың) айлық есептік көрсеткішке дейінгі баланстық құны бар жылжымалы мүліктің 1 (бір) бірлігін бағалау үшін бағалаушыны таңдауды баға ұсыныстарын сұрату арқылы жүзеге асырады.

Баланстық құны 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем жылжымалы мүлікті бағалау жүргізілмейді.

Бағалау жүргізу конкурсына бір-біріне қатысты үлестес бағалаушылар қатыспайды. "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабында айқындалған тұлғалар үлестес бағалаушылар болып табылады.";

85-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"85. Уәкілетті орган лицензиядан айыру туралы шешім қабылдағанға дейін орын алған, орындалуы және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құжаттамалық ресімделуі аралық тарату балансы бекітілгенге дейін аяқталмаған таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметін мәжбүрлеп тоқтататын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қатысуымен мәмілелер жасалмаған болып есептеледі."

2."Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігін (уақытша әкімшісін) тағайындау және оның өкілеттіктері қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 147 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9711 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігін (уақытша әкімшісін) тағайындау және оның өкілеттіктері қағидаларында:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Уақытша әкімшіліктің жұмыс істеу мерзімі ішінде ұйымның ағымдағы міндеттемелерін орындауымен байланысты мәмілелерді, уақытша әкімшіліктің шығыстар сметасын және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ұйымның мүлкімен мәмілелер жасасуға және орындауға, кредиторлық берешекті кез келген нысанда өтеуді қоса алғанда, ұйымның міндеттемелерін орындауына, қарсы біртекті талаптарды жүзеге асыруына жол берілмейді.

Уақытша әкімшіліктің жұмыс істеу мерзімі ішінде мыналарға:

"Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заң) сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылатын депозит сомасын және депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылатын және депозиторға қатысты кредитор немесе кепілгер болатын банктің қарсы талаптарының сомасын есепке жатқызуды жүзеге асыруға;

мүлікті бағалау үшін "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес бағалау қызметін жүзеге асыратын бағалаушымен (бұдан әрі – бағалаушы) жасалған шарт негізінде барлық мүлікті немесе оның бір бөлігін бағалау жүргізуге;

Қағидалардың 51-тармағында көзделген талаптарға сәйкес 1 (бір) бірлік үшін бағалау құны 100 (бір жүз) айлық есептік көрсеткішке дейінгі мүлікті өткізуге жол беріледі.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

17. Банктің уақытша әкімшілігі мынадай іс-қимылдарды орындайды:

1) Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңның 13-бабының 3-тармағында белгіленген мерзімде депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға кепілдік берілетін депозиттер бойынша депозиторлардың тізілімін, сондай-ақ банкті барлық банк операцияларын жүргізуге берілген лицензиядан айыру күні қабылдау-өткізу актісі жасала отырып қағаз және электрондық тасымалдағыштарда жасалған кепілдік берілетін депозиттер бойынша кепілдік өтемақысының есебін жібереді;

2) тағайындалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұйымның шоттары ашылған шетелдік банктерге уәкілетті органның лицензиядан айыру және уақытша әкімшілікті тағайындау туралы шешімінің көшірмелерін және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес нотариалды куәландырылған, аударылған және апостильденген, қолтаңбалардың үлгілері бар құжаттарды жібереді;

3) лицензиядан айырылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18303 болып тіркелген Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы № 9 қаулысымен бекітілген Банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің (банкті уақытша басқарушының) төлемге қабілетсіз банктің активтері мен міндеттемелерін сатып алушы-банкке, сондай-ақ соттың мәжбүрлеп тарату туралы шешімі заңды күшіне енгенге дейін банктің уақытша әкімшілігінің (уақытша басқарушының) барлық банк операциялары мен өзге де операциялар жүргізуге арналған лицензиядан айырылған банктің активтері мен міндеттемелерін сатып алушы-банкке беруді жүзеге асыру қағидаларында белгіленген тәртіппен банктің активтерін және жеке және (немесе) заңды тұлғалардың алдындағы міндеттемелерінің бір бөлігімен не толық көлемде басқа банкке (банктерге) бірізгілікте беру операциясын жүргізу туралы шешім қабылдайды;

5) банкке келіп түсетін ақшаның, оның ішінде қарыз алушылардың бұрын берілген кредиттер бойынша қайтарғанын, қарыздар бойынша сыйақы мен өзге де кірістерді, сондай-ақ тұрақсыздық айыптарын, өсімпұлдар мен айыппұлдарды, банктің аванстық төлемдерінің қайтарылуын, сондай-ақ банкке меншік құқығында тиесілі бағалы қағаздарды өтеуден болған қаражатты қоса алғанда, бұрын жасалған мәмілелерден болған кірістердің есепке жазылуын бақылайды;

6) "Мерзімінде төленбеген төлем құжаттары" шоттары бойынша картотекадан төлем құжаттарын қайтарады;

7) банктің клиенттеріне банктің сейфтік ұяшықтарында орналастырылған мүліктерін қайтарады;

8) № 207 қағидаларда айқындалған тәртіппен банк клиенттерінің ағымдағы шоттарын жабады;

9) банктің банк шоттарын салыстырып тексереді, шетелдік банктердегі және Қазақстан Республикасының банктеріндегі корреспонденттік шоттардан ақшаны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік шоттарға аударады және шетелдік банктердегі және Қазақстан Республикасының банктеріндегі корреспонденттік шоттарды жабады;

10) егер Қазақстан Республикасының банк заңнамасында және Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында өзгеше белгіленбесе, ұйымда белгіленген тарифтер мен мөлшерлемелерге сәйкес ұйымның қызметі үшін ақы алады.";

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Ұйымның мүлкін және құжаттарын түгендеуді жүргізу үшін түгендеу комиссиясы құрылады, оған уақытша әкімшіліктің басшысы және мүшелері, бас бухгалтер және ұйымның қызметкерлері кіреді. Түгендеу комиссиясының құрамын уақытша әкімшіліктің басшысы бекітеді.

Уақытша әкімшілік түгендеу басталған күннен бастап бір ай бойы түгендеуді жүргізуді. Түгендеуді жүргізу мерзімі жұмыстың сипаты мен көлемі ескеріле отырып,

уәкілетті органның келісімімен ұзартылады. Түгендеу жүргізу кезінде уақытша әкімшілік сатуға жарамды мүлікті айқындайды.";

мынадай мазмұндағы 5-1-тараумен толықтырылсын:

"5-1 тарау. Ұйымның мүлкін сату және активтеріне билік ету тәртібі"

46-1. Уақытша әкімшілік мүлікке жүргізілген түгендеу нәтижелері бойынша мүлікті қабылдап-өткізу актісіне қол қойылғаннан кейін барлық мүлікке бір мезгілде не оның бір бөлігіне бағалау жүргізу үшін бағалаушыны тартады.

46-2. Ұйымның барлық мүлкін не оның бір бөлігін, оның баланстық құнына қарамастан, бағалау үшін бағалаушыны таңдау бағалау компанияларының олардың қызметтеріне баға ұсыныстарын қарау арқылы жүзеге асырылады. Бағалау компанияларынан алынған баға ұсыныстарының нәтижелері бойынша неғұрлым тиімді шарттарды (көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеу мөлшері, бағалау жүргізу мерзімдері, бағалаушыда филиалдық желінің болуы және өзге де шарттар) ұсынған бағалаушыға артықшылық беріледі. Баға ұсынысын беру шарттарын ұйымның уақытша әкімшілігінің басшысы айқындайды және ұйымның ресми интернет-ресурсында жарияланады.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабына және "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабына сәйкес бір-біріне қатысты үлестес болып табылатын бағалаушылардан баға ұсыныстары қабылданбайды".

46-3. Уәкілетті орган лицензиядан айырғанға дейін орын алған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орындалуы және құжаттамалық ресімделуі ұйым лицензиядан айырылған күнге дейін аяқталмаған, лицензиядан айырылған ұйымның қатысуымен жасалған мәмілелер өтпеді деп есептеледі.

46-4. Ұйымның мүлкін сату кезінде уақытша әкімшілік мынадай шарттарға сүйенеді :

1) сатылатын мүлікке осы өңірдегі мүліктің ұқсас түрлеріне нарықтық бағадан кем емес баға белгілеу;

2) мүлікті ең жоғары баға бойынша сату;

3) мүлікті сатудан болатын шығындарды азайту.

46-5. Мүліктің 1 (бір) бірлігі үшін бағалау құны 100 (жүз) айлық есептік көрсеткішке дейінгі ұйымның мүлкі жария сауда-саттық өткізбей, бағалау құнынан төмен емес баға бойынша сатылады.

Ұйымның жылжымалы мүлкін сату туралы ақпарат сату бағасын, оның техникалық сипаттамаларын (ол бар болса) көрсете отырып, ұйымның интернет-ресурсында орналастырылады.";

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Уақытша әкімшілік тарату комиссиясы тағайындалған күннен бастап өз өкілеттігінен босайды және Банктер туралы заңда, Сақтандыру туралы заңда

белгіленген мерзімдерде және тәртіпте мүлікті, мүлікті бағалау туралы есепті (ол бар болса) және құжаттарды (ұйымның бухгалтерлік және өзге де құжаттамасын, мөрлерін (бар болса), мөртабандарын, материалдық құндылықтарын және өзге де мүлкін) тарату комиссиясының төрағасына табыстауды қамтамасыз етеді."

3. "Ерікті түрде таратылатын банктердің және қызметін ерікті түрде тоқтататын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының тарату комиссиялары қызметінің ерекшеліктерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 297 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18176 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ерікті түрде таратылатын банктердің және қызметін ерікті түрде тоқтататын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының тарату комиссиялары қызметінің ерекшеліктерінде:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Құрылған күннен бастап тарату комиссиясы:

1) бірінші жұмыс күні:

кассаны түгендеуді жүргізеді, ақша қалдығын банктің ағымдағы шотына аударады;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне және (немесе) банктің банк шоттары бар екінші деңгейдегі банктерге Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14422 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 207 қаулысымен бекітілген Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларына (бұдан әрі – № 207 Қағидалар) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қол қою үлгілері бар жаңа құжатты ұсынады;

уәкілетті органға банкті ерікті тарату туралы акционерлердің жалпы жиналысының шешімін немесе Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің уәкілетті органының Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының қызметін ерікті түрде тоқтату туралы шешімін ұсынады;

2) 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей банктің басшылығынан банктің құқық белгілеуші құжаттарын, мөрлерін (бар болса), мөртабандарын, ақпараттың электрондық тасымалдағыштарын, бағдарламалық қамтамасыз етуді, банктің бланкілерін және басқа да құжаттарын, құжаттар мен құндылықтарды қабылдау-өткізу туралы қажетті актілерді жасай отырып, қабылдайды;

3) 10 (он) жұмыс күні ішінде:

Қазақстан Республикасының барлық аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде кредиторлардың шағымдарын (өтініштерін) беру тәртібін, мерзімдері мен мекенжайларын (филиалдар желісі болған кезде – банк кредиторлары өз шағымдарын (өтініштерін) ұсынатын филиалдар мекенжайларын) міндетті түрде көрсетіп, банкті ерікті түрде тарату туралы ақпаратты жариялайды;

банктің шоттарын салыстырып тексереді, оларды жабады және теңгемен және шетел валютасымен ағымдағы шоттарды ашады;

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына және мемлекеттік кірістер органдарына банкті ерікті түрде таратудың басталғаны, қызметінің ерікті түрде тоқтатылғаны туралы хабарлайды;

кабылдау-өткізу актісі бойынша банктің активтерін, оның ішінде мүлкін қабылдайды;

уәкілетті органның банкті ерікті түрде таратуға, банктің қызметін ерікті түрде тоқтатуға рұқсат беру туралы шешімінің, акционерлердің жалпы жиналысының немесе Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң уәкілетті органының тарату комиссиясын құру туралы шешімінің көшірмелерін көруге қолжетімді жерде орналастырады;

тарату комиссиясы құрылған күнде электрондық түрде бар, есепке алу автоматтандырылған жүйесі немесе деректерді өңдеу орталығы (сервер) деректерін жеке электрондық тасымалдағышқа көшіре отырып (резервтік көшірмелер) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20474 болып тіркелген, "Екінші деңгейдегі банктер есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 54 қаулысына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екінші деңгейдегі банктердің баланстық шоттарындағы және баланстан тыс шоттарындағы қалдықтар туралы есепті немесе Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21278 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 107 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының бухгалтерлік есепке алу деректері бойынша есептілікті ұсыну қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша активтер мен міндеттемелер туралы есепті басып шығарады. Бұл ақпарат электрондық түрде болмаған жағдайда қолда бар қағаз тасымалдағыштағы ақпарат негізге алынады;

толық материалдық жауапкершілігі бар адамдар, оның ішінде банктің бухгалтерлік есебін жүргізудің және қаржылық және өзге есептілігін өңдеудің автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне немесе деректерді өңдеу орталығына (серверге) кіруге рұқсаты бар адамдар тобын айқындайды;

4) 30 (отыз) жұмыс күні ішінде:

банктің басшыларымен, қажет болған кезде өзге де қызметкерлерімен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарттарын бұзады;

өз функциялары мен міндеттерін орындауды қамтамасыз ету үшін адамдармен еңбек шарттарын немесе ақылы қызмет көрсету шарттарын жасайды;

кредиторлардың тізімін жасайды, қолда бар құжаттар бойынша олардың мекенжайларын анықтайды және талдау есебі деректерімен салыстырып тексереді;

банктің әрбір кредиторын банктің ерікті таратылуы туралы жазбаша хабардар етеді; кредиторлар туралы мәліметтер болмаған жағдайда, қолда бар деректемелерді және банк кредиторларын жазбаша хабардар ету мүмкіндігінің болмау себептерін көрсетіп акт жасайды;

5) банкті ерікті түрде таратудың бүкіл кезеңінде:

банк кредиторлары талаптарының заңдылығын айқындайды және оларды банктің бекітілген аралық тарату балансына және кредиторлар талаптарының тізіліміне сәйкес қанағаттандырады;

банктің активтерін айқындайды;

банкті тарату мақсатына сәйкес оның активтеріне иелік етеді;

банктің құжаттарын және мүлкін, бағдарламалық қамтылымын және ақпараттың электрондық тасымалдағыштарын, сондай-ақ банктің басқа ақпаратын сақтау жөнінде шаралар қабылдайды;

банктің дебиторларынан берешекті алу шараларын қабылдайды;

банктің атынан талап қояды және сотта мүддесін білдіреді;

б) кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыру үшін мүліктің жеткіліксіз болу фактісі анықталған жағдайда тарату комиссиясы немесе уәкілетті орган Қазақстан Республикасының банктік заңнамасының талаптарын ескере отырып сотқа банкті банкрот деп тану туралы өтініш береді.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Егер тарату комиссиясының төрағасы бекіткен тарату шығыстары алдыңғы кезеңде (айда, тоқсанда) жүзеге асырылмаса және оларды жоспарлы кезеңде жүзеге асыру қажеттілігі болса, көрсетілген шығыстар жоспарланып отырған кезеңнің тарату шығыстарының сметасына енгізілуі тиіс.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Басқа бап бойынша үнемдеу есебінен шығындардың бір бабы бойынша артық жұмсауды жүзеге асыруға жол берілмейді.

Тарату комиссиясының шығыстарды жүзеге асыруына тарату комиссиясының төрағасы оны бекіткенге дейін жол берілмейді.";

мынадай мазмұндағы 27-1, 27-2, 27-3, 27-4, 27-5 және 27-6-тармақтармен толықтырылсын:

"27-1. Еңбекке ақы төлеу шығыстары мынадай шығындарды көздейді: тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің сыйақысын төлеу, еңбек шарттары негізінде жұмыс істейтін тарату комиссиясының тартылған қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу, таратылатын банктің бар филиалдары мен өкілдіктерін ескере отырып, күн сайынғы негізде орындалатын және ай сайын ақы төленетін ақылы қызмет көрсету шарттары бойынша қызмет көрсететін тартылған адамдардың жұмысына ақы төлеу.

Тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне сыйақы төлеу шығыстары кредиторлар комитеті мен тарату комиссиясы арасында жасалған келісім негізінде жүргізіледі, ол бойынша жұмыстар күнделікті негізде орындалады және ақы төлеу ай сайын жүзеге асырылады.

Қызметкердің еңбегіне, сондай-ақ орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеуге шығыстар баптары тарату комиссиясының төрағасы бекітетін штат кестесіне сәйкес қалыптастырылады.

Штат кестесіне еңбек шарттары және ақылы қызмет көрсету шарттары бойынша жұмыс істейтін тұлғалар, сондай-ақ таратылатын банктің кредиторлар комитетімен жасалған келісімде белгіленген сыйақы мөлшері бар тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелері енгізіледі.

27-2. Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша шығыстар Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

27-3. Әкімшілік шығыстар тарату комиссиясының қызметін қамтамасыз етуге бағытталған шығындарды көздейді.

Жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу тұрақты және (немесе) біржолғы сипатта болады.

27-4. Ағымдағы қажеттіліктерді қанағаттандыруға және ең аз рұқсат етілген қорды құруға бағытталған тауар-материалдық құндылықтарды сатып алу бойынша шығыстар:

- 1) кеңсе жабдығын жұмыс күйінде ұстау;
- 2) көлік құралдарын ұстау;
- 3) үй-жайларды ұстау;
- 4) қағаз және бланкілік өнімдерді ұстау;
- 5) кеңсе тауарларын сатып алу;
- 6) жанар-жағар материалдарын сатып алу.

Тарату комиссиялары сатып алуға арналған шығыстар сметасына әртүрлі қызметтер мен тауар-материалдық құндылықтарды енгізген кезде есеп айырысуларды осы өңірде белгіленген тарифтік кестелер мен орташа алынған нарықтық бағалар негізінде жүргізеді.

Тарату комиссиясы үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісін қоспағанда, қызметті қамтамасыз ету және функцияларды орындау үшін көрсетілетін қызметтерді берушіні таңдауды жүзеге асырады.

Қызметтер берушіні таңдау қызметтер көрсетудің практикалық тәжірибесін, өңірлерде филиалдардың, мамандардың болуын ескере отырып, баға ұсыныстарын сұрату арқылы жүзеге асырылады.

27-5. Тарату комиссиясы қызметкерлерінің іссапарларға шығуы бойынша шығыстар тарату шығыстары сметасында көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

27-6. Өзге шығыстар шығыстар сметасында көзделмеген өзге де шығындарды қамтиды.

"Өзге шығыстар" шығындарының бабы бойынша шығыстардың басқа бабы бойынша артық шығыстарға байланысты шығыстар, сондай-ақ келісу не бекіту Тарату комиссиялары қызметінің ерекшеліктерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын қажеттіліктерге арналған шығыстар жүзеге асырылмайды.";

48 және 49-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Банктегі ақша кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруға жеткіліксіз болған жағдайда, тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіпте және кредиторлар комитеті бекіткен мүлікті сату жоспарына сәйкес мүлікті сатады. Кредиторлар комитеті болмаған кезде мүлікті сату жоспарын банк акционерлерінің жалпы жиналысында келісім бойынша тарату комиссиясының төрағасы бекітеді.

Ғимараттар мен үйлер, банктің басқа да жылжымайтын мүлік объектілері, олардың құнына қарамастан, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлімі) 910 және 916-баптарында көзделген тәртіпте тек аукцион арқылы сатылады.

49. Бекітілген банктің мүлкін сату жоспары бекітілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға назарда ұстау үшін жіберіледі.";

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Тарату комиссиясы берілген қарыздар бойынша кредиттік шарттарды өтеудің нақтылығы мен перспективалары, борышкерлердің мүліктік жағдайы нысанасына талдау жасайды және кредиттік пакетті қалыптастырады. Кредиттік пакетті иеліктен шығару немесе ол бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру туралы шешім кредиторлар комитетінің отырысында қабылданады. Кредиторлар комитеті болмаған кезде кредиттік пакетті иеліктен шығару немесе ол бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру туралы шешімді банк акционерлерінің жалпы отырысында келісім бойынша тарату комиссиясының төрағасы қабылдайды.".

4. "Банктерді таратуды жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының қызметін мәжбүрлеп тоқтату қағидаларын және қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссияларының жұмысына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 қарашадағы № 114 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21716 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

Банктерді таратуды жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының қызметін мәжбүрлеп тоқтату қағидаларында

және қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссияларының жұмысына қойылатын талаптарда:

97 және 98-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"97. Тарату комиссиясы оларды ұсыну үшін белгілеген мерзім өткеннен кейін мәлімделген, тарату комиссиясы таныған кредиторлардың талаптары кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілмейді де өзге кредиттік берешек ретінде жеке баланстық шотта ескеріледі және белгіленген мерзімде мәлімделген кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүліктен қанағаттандырылады.

98. Тарату комиссиясы танымаған не тарату комиссиясы оларды ұсыну үшін белгілеген мерзім өткеннен кейін мәлімделген, жеке баланстық шотта өзге кредиторлық берешек ретінде ескерілген кредиторлардың талаптары кредитор ұсынған талаптарды қанағаттандыру және оларды кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізу туралы сот шешімінің негізінде ғана кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізіледі.

Тарату комиссиясының депозиттер бойынша өтемақы есептеріне енгізген өзгерістеріне және (немесе) толықтыруларына сәйкес кепілдік беру жөніндегі ұйымның талаптары кепілдік беру жөніндегі ұйым үшін белгіленген кезектілік тәртібімен орындалады.

Көрсетілген талаптар толық қанағаттандырылғанға дейін есептесу жүргізілген кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру кезектері тоқтатыла тұрады.";

116-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"116. Кредиторлар комитетінің өкілеттігіне мыналар кіреді:

- 1) банкті тарату барысында пайда болған барлық құжаттармен танысу;
- 2) тарату комиссиясынан таратылатын банктің қаржылық жай-күйі туралы ақпарат алу;
- 3) тарату комиссиясының төрағасымен және (немесе) мүшесімен Қағидалардың 17-тармағына сәйкес келісім жасасу;
- 4) уәкілетті органды банкті тарату процесінде кредиторлардың құқықтарының, мүдделерінің және Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуы туралы, оның ішінде тарату комиссиясы төрағасының және (немесе) мүшелерінің өз міндеттерін орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауы туралы хабардар ету;
- 5) тарату комиссиясының іс-әрекеттеріне сотқа және уәкілетті органға шағым жасау ;
- 6) мүлікті сату бойынша аукциондарды және тарату комиссиясының отырысын қоса алғанда, банкті тарату рәсімдерінің кез келгенін жасау кезінде қатысуға өкілеттік берілген кредиторлар комитеті мүшелерінің арасынан кредиторлар өкілдерін сайлау;
- 7) таратылатын банктің дебиторлық берешегін өндіріп алу мүмкін емес баланстан шығару туралы актіні бекіту;

8) тарату комиссиясы ұсынған таратылатын банктің тарату, конкурстық массасын сату жоспарын бекіту, сондай-ақ тарату комиссиясының төрағасы қабылдаған таратылатын банктің мүлкін күнтізбелік 6 (алты) айдан аспайтын мерзімге бөліп-бөліп төлеу түрінде ақы төлеу талабымен жария сауда-саттық арқылы сату туралы шешімді келісу;

9) тарату шығыстарының сметасын бекіту;

10) тарату комиссиясының таратылатын банктің балансынан мүлікті есептен шығаруға арналған актісін бекіту;

11) дебиторлық берешекті мерзімінен бұрын ішінара өтеген және (немесе) қарыздар бойынша сыйақы және айыпақы (өсімпұл), банктік кепілдіктер бойынша айыпақы (өсімпұл) есептеуді тоқтата тұрған кезде таратылатын банктің балансынан өсімпұл мен айыппұлдарды есептен шығаруды келісу;

12) тарату комиссиясы қабылдаған, таратылатын банк алдындағы берешекті өтеу үшін, соның ішінде сот шешімін орындау есебіне мүлікті қабылдау туралы шешімін келісу;

13) тарату комиссиясы қалыптастырған кредиттік пакет бойынша баға ұсыныстарының нәтижелерін келісу және қалыптастырылған кредиттік пакет бойынша құқықтарды (талаптарды) иеліктен шығару және (немесе) басқаға беру тәртібін анықтау;

14) тарату комиссиясы қабылдаған таратылатын банктің жылжымайтын мүлкіне, сондай-ақ банктің тарату комиссиясы атқарушылық іс жүргізу шеңберінде сот актілері бойынша қабылдаған, банкке келтірілген залалды өтеу есебінен алынған жылжымайтын мүлікке қатысты мәміле жасау туралы шешімді, сондай-ақ осы Қағиданың 141-тармағына сәйкес жасалатын, дауды реттеу туралы келісімнің талаптарын келісу;

15) тарату комиссиясы қабылдаған банктік қарыз шарттарының қарыздар бойынша айыпақы есептеуді тоқтату және/немесе сыйақы есептеуді тоқтата тұруға қатысты талаптарын өзгерту туралы шешімін келісу;

16) таратылатын банктің борышкерлерінен берешекті өндіріп алу және таратылатын банктің активтерін қайтару бойынша іс-шараларды жүзеге асыратын заңды тұлғалармен жасалатын мәмілелерді келісу.";

118-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"118. Тарату комиссиясы қалыптастырған кредиторлар комитетінің құрамы болмаған немесе кредиторлар комитеті өздерінің функциялары мен өкілеттіктерін жүзеге асырмаған кезде, осы Қағиданың 116-тармағының 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15) және 16) тармақшаларында көзделген шешімдерді қабылдау өкілеттіктерін тарату комиссиясы дербес жүзеге асырады.

Тарату комиссиясының шешімі тарату комиссиясының хаттамасымен ресімделеді.";

126-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"126. Түгендеу барысында анықталған нақты бар мүліктің бухгалтерлік есеп деректерімен алшақтықтарын жою мыналарға сәйкес жүргізіледі:

1) жаңадан анықталған мүлік (оның ішінде таратылатын банктің бухгалтерлік есебінде көрсетілмеген мәмілелерді жасау нәтижесінде меншік құқығы туындаған мүлік және талап ету құқықтары) кіріске алуға жатады;

2) мүліктің кем шығуы (оның ішінде қаржы ұйымының бухгалтерлік есебінде көрсетілмеген мәмілелерді жасасу нәтижесінде мүліктің және (талап ету) құқықтардың шығарылуымен байланысты), оның туындауына кінәлі адамдар анықталмаған немесе осы тұлғалардан көрсетілген кем шығуды (залалдардың орнын толтыруды) өндіріп алу туралы сот бас тартқан жағдайда, кредиторлар комитеті бекіткен есептен шығару туралы актінің негізінде таратылатын банктің шоттарынан есептен шығаруға жатады.";

140, 141, 142, 143, 144 және 145-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"140. Банктің тарату комиссиясы дебиторлық берешекті есептеуді сотқа талап арыз берген күні дебитор мен банк арасында жасалған шарттардың талаптарын негізге ала отырып, таратылатын Банктің уәкілетті органдары сыйақы және (немесе) күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешекке айыпақы (өсімпұл) есептеуді тоқтата тұру туралы шешім қабылдаған сәтте болған қарыздар бойынша бұған дейін қабылдаған шешімдерін ескере отырып жүзеге асырады.

Занды күшіне енген сот актілері бойынша атқарушылық құжаттар сот актілерін мәжбүрлеп орындату үшін жеке сот орындаушыларының Республикалық немесе өңірлік палатасына жіберіледі.

141. Сот талқылауы барысында немесе атқарушылық іс жүргізу шеңберінде татуластыру рәсімдерін қолдана отырып, дауды реттеу туралы өтініш мәлімделген жағдайда, тарату комиссиясы мынадай шарттар сақталған кезде бітімгершілік келісім, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімдер (бұдан әрі – дауды реттеу туралы келісім) жасау туралы мәселені қарайды:

дебитордың қаржылық жағдайы дебиторлық берешекті дауды реттеу туралы келісімде көзделген тәртіппен және мерзімде өтеуге мүмкіндік береді;

дауды реттеу туралы келісімнің талаптары таратылатын банктің қаржылық жағдайының нашарлауына әкеп соқпайды;

дауды реттеу туралы Келісім шеңберінде дебиторлық берешекті өтеу мерзімі дебитор-жеке тұлғалар үшін - 30 (отыз) айдан, дебитор-занды тұлғалар үшін - 24 (жиырма төрт) айдан аспайды;

банк дебитордың міндеттемелерін орындау есебіне бұрын қабылдаған қамтамасыз ету (ол болған кезде) өзгеріссіз сақталады; сот орындаушысы дебиторға қатысты атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету шараларын қабылдаған мүлік (болған кезде) дауды реттеу туралы келісім талаптарының орындалуын қамтамасыз ету ретінде тарату комиссиясына кепілге беріледі.

Осы тармақта көзделген талаптарды жүзеге асыру мақсатында, тарату комиссиясының төрағасы тарату комиссиясының атынан жасалатын мүлік кепілі шарттарына қол қояды; дебитор-заңды тұлғамен жасалатын, дауды реттеу туралы келісім бойынша берешекті өтеу дауды реттеу туралы келісімде көзделген, берешекті өтеудің бүкіл мерзімі ішінде ай сайын тең төлемдермен жүзеге асырылады.

Дауды реттеу туралы келісімді сот Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында көзделген тәртіппен бекітеді.

142. Тарату комиссиясы дауды сотқа дейінгі реттеу шеңберінде жеке (дара кәсіпкерлерді қоса алғанда) және заңды тұлғаларға (шағын және орта бизнес субъектілері) берілген қарыздар бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) есептен шығару туралы шешім қабылдайды:

1) негізгі борыш пен есептелген сыйақының 70 (жетпіс) және одан да көп пайызы мөлшерінде борыш сомасын біржолғы өтеген кезде – 100 (жүз) пайыз мөлшерінде;

2) негізгі борыштың 70 (жетпіс) пайызынан аз мөлшерде борыш сомасын және борышкер енгізген соманың пайыздық арақатынасына мөлшерлес мөлшерде есептелген сыйақыны біржолғы өтеу кезінде.

Бұдан әрі тарату комиссиясы дебитор тарапынан қарызды толық біржолғы өтеу шартымен тұрақсыздық айыбын толық көлемде есептен шығару туралы шешім қабылдайды.

Тарату комиссиясының оларды қанағаттандыруы туралы тарату комиссиясының бұрын қараған және қабылдаған шешімдері бойынша берілген қарыздар бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) есептен шығару туралы қайталама өтінішхаттар қаралмайды және қанағаттандырылмайды.

143. Тарату комиссиясының осы Қағидалардың 142-тармағында көрсетілген қарыздар бойынша есептелген айыпақыны (өсімпұлды) есептен шығару және (немесе) банктік кепілдіктер бойынша айыпақыны (өсімпұлды) есептен шығару туралы шешімдер қабылдауы үшін дебиторлар тиісті өтінішхат береді.

144. Айыпақыны (өсімпұлды) есептен шығару туралы өтініш тарату комиссиясының шешім қабылдауы үшін объективті негіздерді қамтиды, олар мына талаптардың біріне немесе бірнешеуіне сәйкес келеді:

1) заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер үшін:

бизнесті жүргізудің қатарынан 6 (алты) айдан астам, қызметтен түскен кірістің, берешекті 50 (елу) және одан да көп пайызға өтейтін екінші деңгейдегі банктерде ашылған банктік шоттардағы ақшаның болмауы;

екінші деңгейдегі банктерде ашылған шоттарда тыйым салудың болуы;

кепіл мүлкінің жоғалуын және (немесе) зақымдануын растайтын құжаттардың болуы;

алынатын табыс көзі болып табылатын мүліктің жоғалуын және (немесе) зақымдануын растайтын құжаттардың болуы;

борышкердің қаржылық жағдайының нашарлауын растайтын өзге де құжаттар;

2) жеке тұлғалар үшін:

берешекті 50 (елу) және одан да көп пайызға өтейтін екінші деңгейдегі банктерде ашылған банктік шоттарда қатарынан 6 (алты) айдан астам ақшаның болмауы;

кепіл мүлкінің жоғалуын және (немесе) зақымдануын растайтын құжаттардың болуы;

соңғы қатарынан 6 (алты) ай ішінде жұмысынан айрылғандығын және табыстың жоқтығын растайтын құжаттар;

асыраушысынан айрылғандығын растайтын құжаттар;

борышкердің немесе оның отбасы мүшесінің мүгедектігін растайтын құжаттар;

борышкердің қаржылық жағдайының нашарлауын растайтын өзге де құжаттар.

Өтінішхаттарға растайтын құжаттар (мемлекеттік органдардың ресми жауаптары, фотосуреттер, ағымдағы шоттардан үзінді- көшірмелер, банктермен хат алмасу және басқа да растайтын құжаттар) қоса беріледі.

145. Тарату комиссиясы өтініш берілген күні:

1) кепілмен қамтамасыз ету бағалау құны бойынша есептелген сыйақы мен айыпақыны есептей отырып, қарызды 2 (екі) және одан да көп есе өтейтін болса;

2) борышкерге қатысты таратылатын банктің мүддесі үшін берілген қарыздар бойынша қылмыстық талқылау жүргізілетін болса;

3) борышкерге қатысты қарыз бойынша берешекті өндіріп алу туралы заңды күшіне енген сот шешімі болса;

4) борышкер ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылса, есептелген айыпақыны (өсімпұлды) есептен шығару туралы өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартады.";

147-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"147. Есептелген айыпақыны есептен шығарумен негізгі борыш пен есептелген сыйақының 100 (жүз) пайызынан аз мөлшерде қарыз сомасын біржолғы өтеу және қарыз бойынша сыйақы және айыпақыны есептеуді тоқтата тұру туралы шешімді тарату комиссиясы таратылатын банктің кредиторлар комитетімен келісім бойынша қабылдайды және ол банк шартына қосымша келісімге қол қою арқылы таратылатын банкке кредит берудің ішкі қағидаларына сәйкес ресімделеді.

Негізгі борыш және есептелген сыйақы сомасын толығымен біржолғы өтеген кезде міндеттемелерді тоқтату туралы тарату комиссиясының шешімі тарату комиссиясының төрағасының өкімімен ресімделеді.

Берешектің толық өтелгені жөніндегі ақпаратты тарату комиссиясы кредиттік бюроға Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен береді.";

160-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"160. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының банкін, бейрезидент-банкінің филиалын банктік және өзге де операцияларды жүргізуге арналған лицензиядан

айырғанға дейін орын алған, банктік және өзге де операцияларды жүргізуге арналған лицензиядан айырғанға дейін орындалуы және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құжаттамалық ресімделуі аяқталмаған таратылатын банктің қатысуымен жасалған мәмілелер өтпеді деп есептеледі.";

163-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"163.Тарату комиссиясы банктік қарыз шарттарды өтеу нақтылығы мен перспективалары, борышкерлердің мүліктік жағдайы мәніне талдау жасайды және кредиттік топтаманы қалыптастырады. Тарату комиссиясы банктің уәкілетті органдарының шешімдерін банктің уәкілетті органдарының қабылдаған шешімдерін банктік операциялар жүргізуге арналған лицензиядан айырылған күнге дейін соңғы 2 (екі) ай ішіндегі бухгалтерлік есеп деректерімен салыстыра отырып, банктік қарыз шарттары бойынша сатуды немесе құқықты (талап етуді) басқаға беру мәніне салыстырып тексеру жүргізеді.

Кредиттік пакеттерді қалыптастыру мыналарды:

қарыз түрін;

кредиттеу мерзімін;

қамтамасыз ету түрлерін;

берешектің мөлшерін;

қарыз беру өңірін (орынын);

сот талқылауларының және/немесе атқарушылық іс жүргізудің болуын;

сыйақы мөлшерлемелерін;

мерзімі өткен күндер санын;

қарыз валютасын ескере отырып жүзеге асырылады.

Тарату комиссиясы қалыптастырылған кредиттік топтама бойынша иеліктен шығаруды немесе құқықтарды (талаптарды) басқаға беруді банктің кредиторлар комитетімен келісе отырып, иеліктен шығарғанға немесе құқықты (талапты) басқаға бергенге дейін 6 (алты) айдан аспайтын кезеңге бағалаушы айқындаған, таратылатын банк алдындағы қарыз алушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету болып табылатын мүлік құнының бағалауын ескеріп жүргізеді.

Тарату комиссиясы қалыптастырылған кредиттік топтама бойынша иеліктен шығаруды немесе құқықтарды (талаптарды) басқаға беруді Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылған кредиттік топтама бойынша баға ұсыныстарын сұрату туралы хабарландыруды банктің интернет-ресурсында жариялау арқылы жүргізеді.

Төлемді бөліп төлеу түрінде төлеу талабымен қалыптастырылған кредиттік топтама бойынша иеліктен шығаруды немесе құқықтарды (талаптарды) басқаға беруді банктің кредиторлар комитеті айқындайды.

Қалыптастырылған кредиттік топтаманың иеліктен шығару немесе құқықтарын (талаптарын) басқаға беру бойынша төлемді бөліп төлеу мерзімі 24 (жиырма төрт)

айдан аспайды. Төлемді бөліп төлеу түрінде төлеу талаптары туралы ақпарат және осындай бөліп төлеудің мерзімі тарату комиссиясы жариялайтын баға ұсыныстарын сұрату туралы хабарландыруда көрсетіледі.

Әлеуетті сатып алушылар баға ұсыныстарын сұрату туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде "Қатаң конфиденциалды" белгісі бар баға ұсынысын жібереді.

Тарату комиссиясы әлеуетті сатып алушыларға қосымша ақпаратты құпиялылықты сақтау және қалыптастырылған кредиттік топтама бойынша иеліктен шығару немесе құқықтарды (талаптарды) басқаға беру мүмкіндігін қарауға байланысты алынған ақпаратты жарияламау туралы келісімге қол қойылғаннан кейін ғана береді.

Кредиттік топтама бойынша иеліктен шығарудың немесе құқықтарды (талаптарды) басқаға берудің ең жоғары құнын ұсынған тұлға әлеуетті сатып алушы деп танылады.

Тарату комиссиясы әлеуетті сатып алушының баға ұсынысы келісілмеген жағдайда әлеуетті сатып алушыға қалыптастырылған кредиттік топтама бойынша иеліктен шығарудан немесе құқықтарды (талаптарды) басқаға беруден бас тартады.";

202-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"202. Бір сатып алушы қатысатын сауда-саттықты өткізген кезде сауда-саттықты ұйымдастырушы жалғыз қатысушыға қойылатын лотты сауда-саттықтың кез келген әдісі кезінде бастапқы бағасынан кем емес сатады.";

204-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"204. Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймаған сауда-саттықтың жеңімпазы аукционға бұдан әрі қатысу құқығынан айырылады. Бұл жағдайда осы объектісі бойынша сауда-саттықтар жаңартылады.

Сатып алу-сату шартына қол қоюдан бас тартқан немесе сатушымен сатып алу-сату объектісі бойынша одан әрі есеп айырысу тәртібін бұзған сауда-саттықтың жеңімпазы мүлікті сату жөніндегі тарату комиссиясы өткізетін барлық кейінгі аукциондарға қатысу құқығынан айырылады.";

212-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"212. Таратылатын банктің қызметі нәтижесінде пайда болатын, сақтау мерзімдері көрсетілген құжаттар тізбесі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13710 болып тіркелген "Екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарында сақталуға тиіс негізгі құжаттар тізбесін және олардың сақталу мерзімдерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 ақпандағы № 66 қаулысымен белгіленеді.";

218-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"218. Таратылатын банктің кредиторларымен есеп айырысулар аяқталғаннан кейін немесе өндіріп алу немесе сату үшін мүмкін активтер болмаған кезде тарату

комиссиясы сотқа уәкілетті органмен келісілген тарату туралы есепті және тарату балансын ұсынады.

Сот тарату туралы есепті және тарату балансын бекітеді және тарату ісін жүргізудің аяқталғаны туралы ұйғарым шығарады.

Қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының кредиторларымен есеп айырысу аяқталғаннан кейін тарату комиссиясы уәкілетті органға қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының таратылуы туралы есеп береді.

Уәкілетті орган қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының таратылуы туралы есепті бекітеді және Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтату рәсімін аяқтау туралы шешім қабылдайды.";

осы Тізбенің 1-қосымшасына сәйкес редакциядағы 4-қосымшамен толықтырылсын.

5. "Ерікті түрде және мәжбүрлеп таратылатын банктердің, қызметі ерікті түрде және мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының тарату комиссияларының есеп және қосымша ақпарат беру нысанын, мерзімдері мен кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 116 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21834 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

3-қосымша осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

Өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін Ерікті
және мәжбүрлеп таратылатын
банктердің, сақтандыру
(қайта сақтандыру)
ұйымдарының,
қызметін ерікті және
мәжбүрлеп тоқтататын
Қазақстан Республикасының
бейрезидент- банктері
филиалдарының,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент- сақтандыру
(қайта сақтандыру)
ұйымдары филиалдарының
мәселелері бойынша
Қазақстан Республикасының
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
1-қосымша
Банктерді таратуды
жүзеге асыру,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент-банктері
филиалдарының қызметін

мәжбүрлеп тоқтату
қағидаларына және
мәжбүрлеп таратылатын
банктердің, қызметі
мәжбүрлеп тоқтатылатын
Қазақстан Республикасының
бейрезидент-банктері
филиалдарының тарату
комиссияларының жұмысына
қойылатын талаптарға
4-қосымша

Нысан

"Бекітемін"

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің
аты (бар болса), қолы)
" " _____ ЖЫЛ

Кредиттік топтама _____ **(таратылатын банктің атауы)**

р/н №	Берген өңір	Субъектінің типі (ЖТ/ЗТ/ДК)	Берілген күні	Аяқталған күні	Кредиттің валютасы
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Кредиттің типі	% мөлшерлеме	Мерзім кешіктірілген күндер саны	Берешек сомасы (жалпы және бөлу арқылы)	Қамтамасыз етудің болуы, қамтамасыз етудің түру, құны	Сот талқылауы/ атқарушылық іс жүргізу
7	8	9	10	11	12

Тарату комиссиясының төрағасы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы, телефоны

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы, телефоны

Күні " " _____ ЖЫЛ

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Ерікті және мәжбүрлеп таратылатын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, қызметін ерікті және мәжбүрлеп тоқтататын Қазақстан Республикасының бейрезидент- банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент- сақтандыру

(қайта сақтандыру)
ұйымдары филиалдарының
мәселелері бойынша
Қазақстан Республикасының
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту агенттігі
Басқармасының
2020 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 116 қаулысына
3-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ұсынылады: қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға

Әкімшілік деректердің нысаны мына интернет-ресурста орналастырылған:
www.finreg.kz

Таратылатын банк активтерінің жай-күйі туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: F3-LKB

Кезеңділігі: ай сайынғы, жартыжылдық, жылдық

Есепті кезең: 20___ жылғы "___" "_____" жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын адамдар тобы: ерікті және мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссиялары

Ұсыну мерзімі:

ай сайынғы есеп:

тарату комиссиясында бөлімшелер болмаған кезде-есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) күнінен кешіктірмей;

тарату комиссиясында бөлімшелер болған кезде-есепті айдан кейінгі айдың 8 (сегізінші) күнінен кешіктірмей;

бірінші жартыжылдықтың есебі:

тарату комиссиясында бөлімшелер болмаған кезде-6 (алтыншы) шілдеден кешіктірмей;

тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда-8 (сегізінші) шілдеден кешіктірмей;

жылдық есеп:

тарату комиссиясында бөлімшелер болмаған кезде-есепті жылдан кейінгі жылдың 25 (жиырма бесінші) қаңтарынан кешіктірмей;

тарату комиссиясында бөлімшелер болған кезде - есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (отызыншы) қаңтарынан кешіктірмей.

Нысан
(мың теңгемен)

№	Көрсеткіштер	Баланстық шоттың нөмірі	Тарату процесінің басында	Алдыңғы есепті күні	Есепті күн
1	2	3	4	5	6
1.	Ақша				
1.1	Кассадағы қолма-қол ақша				
1.2	Жолдағы банкноттар мен монеталар				
2.	Корреспонденттік және ағымдағы шоттар				
3.	Бағалы қағаздар, оның ішінде:				
3.1	Бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақы				
4.	Салымдар, оның ішінде:				
4.1	есептелген сыйақы				
5.	Берілген қарыздар, оның ішінде:				
5.1	з а ң д ы тұлғаларға:				
5.1.1	негізгі борыш				
5.1.2	есептелген сыйақы				
5.1.3	кепілмен қамтамасыз етілген				
5.1.4	кепілмен қамтамасыз етілмеген				
5.2	жеке тұлғаларға:				
5.2.1	негізгі борыш				
5.2.2	есептелген сыйақы				

5.2.3	кепілмен қамтамасыз етілген				
5.2.4	кепілмен қамтамасыз етілмеген				
6.	Өзге де қорлар				
7.	Негізгі құралдар және материалдық емес активтер, оның ішінде:				
7.1	салынып жатқан (орнатылып жатқан) негізгі құралдар				
7.2	жер, ғимараттар және құрылыстар				
7.3	компьютерлік жабдық				
7.4	өзге де негізгі құралда				
7.5	жалға алынған ғимараттар бойынша күрделі шығындар				
7.6	көлік құралдар				
7.7	материалдық емес активтер				
8	Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер				
9.	Өзге де активтер				
Актив бойынша жиынтығы, оның ішінде:					
резервтер (провизиялар)					
теріс түзету шот					
есептелген амортизация					

кестенің жалғасы

Өзгерістер	
тарату процесінің басындағы деректермен салыстырғанда	алдыңғы есептің күніндегі деректермен салыстырғанда
7 (6 баған – 4 баған)	8 (6 баған – 5 баған)

Атауы _____ Мекенжайы _____
Телефоны _____

Электрондық поштаның мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) _____ телефоны _____

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті басқа адам _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) _____ қолы, телефоны _____

Төраға немесе есепке қол қоюға уәкілетті басқа адам _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) _____ қолы, телефоны _____

Күні " ____ " _____ 20__ жыл

Таратылатын банк активтерінің
жай-күйі туралы есептің
нысанына
қосымша

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме Таратылатын банк активтерінің жай-күйі туралы есеп (индексі: F3-LKB, кезеңділігі: ай сайынғы, жартыжылдық, жылдық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Әкімшілік деректер нысанын толтыру туралы осы түсіндірме (бұдан әрі - Түсіндірме) "Таратылатын банк активтерінің жай-күйі туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 74-4- бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленген.

3. Ай сайынғы есеп қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша үшін жасалады. Есепті айдан кейінгі айдың бірінші күні ай сайынғы есептің есепті күні болып табылады. Ай сайынғы есеп үшін алдыңғы есептің есепті күні алдыңғы есепті күн болып табылады.

Жартыжылдық есеп бірінші жартыжылдық үшін ұсынылады. Жартыжылдық есептің есепті күні жылдың 1 (бірінші) шілдесі болып табылады. Жартыжылдық есеп үшін есепті кезең 1 (бірінші) қаңтардан бастап 30 (отызыншы) маусым аралығындағы бірінші жартыжылдық болып табылады.

Жылдық есептің есепті күні есепті жылдан кейінгі жылдың 1 (бірінші) қаңтары болып табылады. Жылдық есеп үшін алдыңғы есепті күн алдыңғы жылдық есептің есепті күні болып табылады.

4. Тарату комиссиясы нысанды есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша жасайды. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден төмен сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді

5. Нысанға тарату комиссиясының төрағасы, Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Есеп нысанын толтыру бойынша түсіндірме

6. Жартыжылдық есепті қалыптастыру кезінде Нысан маусым үшін бөлек және бірінші жартыжылдық үшін бөлек жасалады.

7. Жылдық есепті құру кезінде Нысан желтоқсан үшін бөлек және күнтізбелік жыл үшін бөлек жасалады.

8. 3-бағанда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысында көзделген баланстық шоттардың нөмірлері көрсетіледі.

9. "Резервтер (провизиялар)", "Теріс түзету шоты", "Есептелген амортизация" жолдары олар әділ құны бойынша қайта бағалаумен байланысты активтер бойынша болатын жағдайда толтырылады.